

“Таза Қазақстан – таза болашақ” облыстық экофестивалі

“Балдырған” бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушілері мен педагогтері “Таза Қазақстан – таза болашақ” атты облыстық экофестивальге белсенді қатысып, өздерінің шығармашылық және экологиялық бағыттағы жұмыстарын көпшілікке ұсынды.

Фестиваль барысында балалар табиғатты қорғау, қоршаған ортаны аялау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында дайындаған жобаларын, қолөнер бұйымдарын және қызықты тәжірибелерін көрсетті. Әсіресе, “Жасыл балабақша” пилоттық жобасы аясында жүзеге асырылып жатқан экологиялық бастамаларымыз көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

“Eco Herb kids”

Балаларға арналған экологиялық жоба

Мақсаты:

Балалардың экологиялы мәдениетін қалыптастыру, табиғи шөптермен таныстыру, денсаулықтарын нығайту.

Міндеттері:

- Балаларды пайдалы шөптермен таныстыру
- Табиғатты аалауға баулу
- Эко-бақшада еңбекке баулу



Жобаның сипаттамасы:

Эко-бақшада балалар дәрілік шөптерді өсіріп, олардың пайдасы туралы үйреніп, табиғатпен етене байланыста болады.



Қорытынды:

Балалар табиғатқа қамқор болуды үйренеді, денсаулықтары жақсарады.



Ұсыныстар:

- Эко-шөптерді күнделікті өмірде қолдану,
- Табиғи өнімдерді дәріптеу.







